

К.Т. Тулегенова*, PhD докторанты¹

А.М. Бержанова, э.ғ.к., қауым. профессор¹

Г.О. Тансықбаева, магистр, аға оқытушысы²

Ж.З. Байгиреева, PhD, доцент м.а.²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан¹

Esil University, Астана қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: t.gakku_83@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКСПОРТТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Республикасында экспортты ынталандыру тетіктері соңғы жылдары бірізді түрде жетілдіріп, орнықты экономикалық дамуды қамтамасыз ететін маңызды құралдардың біріне айналып отыр. Жалпы мақала экспорттың мемлекеттік қолдаудағы тетіктеріне, сондай ақ қаржылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және білім беру саласында жан- жақты талқыланды. Экспорттауда мемлекет кепілдік беру, қаржылық көмек көрсетудегі сақтандыру және де экспортқа дейінгі қаржыландыру тетіктерін ауқымды қолдануда. Осы салада «Kazakhexport» экспорттық-несиелік агенттігі сыртқы нарықтағы тәуекелді азайтуда отандық кәсіпорындардың және олардың қаржылық жағдайын бірдеңгейде қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді. АДС Экспортты жылжыту орталығы сыртқы нарыққа шығуды ұйымдастыруды қолдау шеңберінде, нарықтық зерттеулер жүргізудегі қызметтермен қатар іскерлік операцияларды ұйымдастыруда. Негізгі мақсаты - өнеркәсіпті дамыту мен өңдеу өнеркәсібінің өнімділігі арқылы экспорт әлеуметін арттыру. Шикізаттық емес экспортқа Кәсіпорындарды Дамыту Қоры шағын және орта кәсіпорындардың қолдауы арқылы көркейуіне жағдай жасауда. Мәліметтердің негізінде, Қазақстан экспортының мүмкіндіктеріне мемлекеттік қолдау мен табиғи ресурстардың көптігін айтсақ, оның әлсіз жақтарына логистикалық шектеулерді, шикізат экспортының құрылымына тәуелділікті жатқызуға болады. Цифрлық платформаларды дамыту болашақта елдің әлемдік нарықтағы бәсеке қабілетін арттырып және экспортты географиялық әртараптандыру, экспорттаушыларға арналған білім беру бағдарламаларын кеңейтуде.

Кілт сөздер: экспорт, экспортты мемлекеттік қолдау, Қазақстан Республикасы, KazakhstanExport, Qaztrade Qazindustry, қаржы құралдары, экспорт әлеуметі, ресурстық емес экспорт, ШОБ, SWOT талдау, цифрландыру, экономиканы әртараптандыру.

Ключевые слова: экспорт, государственная поддержка экспорта, Республика Казахстан, KazakhstanExport, Qaztrade Qazindustry, финансовые инструменты, экспортный потенциал, несырьевой экспорт, МСП, SWOT-анализ, цифровизация, экономическая диверсификация.

Keywords: export, state support for exports, Republic of Kazakhstan, KazakhstanExport, Qaztrade Qazindustry, financial instruments, export potential, non-resource exports, SMEs, SWOT analysis, digitalization, economic diversification

Кіріспе. Қазақстанның экспорттық белсенділігі экономиканың өсуі мен тұрақты дауындағы негізгі факторлардың бірі. Еліміздің 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап, біртіндеп экспортқа бағдарланған шикізат экономикасынан әртараптандырылған сыртқы экономикалық қызметті пайдалана бастады.

Қазақстан табиғи ресурстарға өте бай, бірақ ұзақ мерзімді өсу мен бәсеке қабілеттілікті арттыру шикізаттық емес экспортты дамытуды және көптеген технологиялық салаларға инвестиция тартуды қажет етіп отыр. Сыртқы экономикалық қызметті мемлекет қаржылық құралдармен көмек ретінде (сақтандыру, несие, субсидия), институционалдық қолдау (оқыту, маркетинг, кеңестер) және цифрлық платформаларды қоса алғанда, экспорттаушыларды қолдаумен қатар бірнеше шараларды жүзеге асыруда.

Бұл зерттеулер өзектілігін мына факторлармен көрсетуге болады:

- экспорт құрылымын әртараптандыру қажеттілігі;
- жаһандану мен әлемдік нарықта бәсекелестікті нығайту;

- өнім сапасына немесе сертификаттауға қойылатын талаптарды күшейту;
- әлемдік нарыққа шығуда шағын және орта кәсіпорындарды қолдау;
- экспортты қолдаудағы мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру жолдары.

Жұмыстың мақсаты - Қазақстандағы экспорттың қолдаудың тетіктерін зерделеп, мәселелер мен кедергілерді зеріттеу сонымен бірге экспорт саясатының тиімділігін жоғарылату жайында тәжірибиелік ұсыныс жасау.

Зерттеудің міндеті:

- 1) Экспорт саласында нормативтік базаларды және институционалдық талдау
- 2) Қазақстанда қолданатын қаржылық пен қаржылық емес құралдарды зерттеу
- 3) Компанияның ахуалдық мен статистикасы зерттеулерін қолдағы бар шаралармен тиімділіктерін бағалау
- 4) Тетіктердің жұмыс істеу мәселелері мен шектеулерді қарау
- 5) Экспорт саясатын мемлекеттік жетілдіру жайында ұсыныс жасау.

Қазақстанда экспорт саясаты белсенді өзгеріп келеді. Мұндағы мемлекеттің стратегиялық мақсаты әртараптандырылған және технологиялық бағдарланған экспортына көшуі болып отыр.

Әдебиеттік шолу. Қазақстан сыртқы экономикалық саясатында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жеке дара қалыптасу қажеттілігінде болды. Қазақстанның мемлекеттік экспорттық саясатының негізі экспорттаушыларды қаржылық қолдауының элементтері болды [9].

Еліміз экспортқа мемлекеттік кепілдіктер, жеңілдік несиелер, шығындарды субсидиялау, тәуекелдерді сақтандыру сияқты құралдарды қолданады. Ол ұйымдар қызметі нормативтік-құқықтық база негізінде мынадай негізгі құжаттарды қамтиды:

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында экспорттық қызметті қолдау және дамыту туралы» заңында
- «KazakhstanExport» экспорттық-несиелік агенттігінің ережесі туралы
- Шикізаттық емес салалардың және экспортты дамытудың мемлекеттік бағдарламалары (Әртараптандыру стратегиясы және экономиканы индустрияландыру).
- Сақтандыру қызметтерін беру ережесі, мемлекеттік кепілдіктер мен субсидиялар және жеңілдік несиелері.

«Бір терезе» жүйесі арқылы кешенді кеңестер беретін экспорттаушыларға арналған және институционалдық үйлестіру бюрократиялық кедергілерді төмендететін, құжаттарды өңдеуді жеделдету жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар өз брендтерін жылжыту бойынша мамандандырылған қызметтер ұсынылатын шағын және орта бизнестерді қолдауға бағытталған шаралар және де халықаралық нарықтарға шығару мен өнімдерді бейімдеу де бар [11]. Міне сондықтан Қазақстандағы экспортты қолдаудың институционалдық базасы қаржылық болып табылады.

Елдің сыртқы экономикалық секторының тұрақты өсуі мен жан - жақты жағдай жасауды, экспорттық қызметті қаржылық емес қолдауды және мемлекеттік органдармен мамандандырылған мекемелер кешенін жасауды қамтамасыз етуде.

Негізгі бөлігі. Қазақстан Республикасында экспортты дамыту мен арнайы мекемелердің интеграцияланған жүйесі және сыртқы нарықтарға шығуды ынталандыру мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

Бұл отандық өндірушілердің халықаралық нарықтағы бәсеке қабілеттілігін арттыруға бағытталған белгілі бір қызметтері бар және субъектілердің әрқайсысының сыртқы экономикалық қызметін қолдауда [1]. Мемлекеттік қолдаудағы экспорттың негізгі институттары болып төмендегілер табылады:

- KazakhstanExport экспорттық-несиелік агенттігін айтамыз. Ол экспортта келісімшарттардың кепілдіктерін ұсынады және экспорттаушыларды коммерциялық, саяси тәуекелдерден қорғау үшін сақтандырады [3].

- QazTrade Қазақстандық компаниялардың экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталған ұйым. Оның халықаралық көрмелер мен сауда өкілдіктеріне қатысуға көмектесетін, отандық және шетелде ілгерілетуді қамтитын, компаниялардың экспорты мәселелері бойынша кеңес беретін, шетелдік нарықтарға шығуды қолдайтын қызмет түрлерін айтуға болады [4].

- «QazIndustry» шикізаттық емес экспортты кеңейтуге және өнеркәсіптік секторды дамытуға үлес қосады. Ұйымның негізгі міндеттері болып инновациялық технологияларды енгізуді қолдау

мен өнеркәсіптік экспортты ынталандыру және өндірістік кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігін жоғарылату болып келеді [5].

Ең бастапқыда еліміздің шикізаты - метал, мұнай, газ экспортына бағытталған болатын. 2000 жылдардан бастап шикізаттық емес салаларды дамыту, қаржылық қолдау құралдарын енгізу сонымен қатар, институциялық қолдау жасаулар болып біртіндеп бөліне бастады [6]. Оны біз негізгі кезеңдерге бөлеміз:

Яғни 2007 жылды - «KazakhstanExport» экспорттық несиелер агенттігі құру кезеңі деп айтамыз. 2018 жылды - «QazTrade» Қазақстандық компаниялардың халықаралық нарықтарға жылжыту бойынша орталықтандырылған іске қосылған кезеңі. 2015-2025 жылдар - индустрияландырудың және экономиканы әртараптандырудың ұлттық стратегиясын іске асыру мен шикізаттық емес экспорттың дамуы кезеңі (1-кесте)


1 – кесте

Құқықтық және институционалдық негізінде экспортты қолдаудың саяси жағдайы

Мекемелер	Қаражат құралдары	Қаржылық емсе құралдары
Даму	Субсидия мен несиелер	Шағын, орта бизнес үшін кеңес беру мен оқыту
QazIndustry	Қаржы жеңілдіктері	Кеңес беруші индустрияландырулар
QazTrade	Несиелер мен субсидиялар	Нарықтарға шығару, маркетинг, көрмелерге қатысуы
KazakhstanExport	Кепілдік пен сақтандыруы	Кеңестер тәуекелдер бойынша

**[1] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Мемлекеттік экономикалық саясаттың маңызды аспектісі жалпы экспорттаушыларды қаржылық қолдау болып табылады [9]. Қазақстанда кәсіпорындардың өтімділігін қамтамасыз ету және экспорттық секторға инвестициялар тарту үшін әртүрлі қаржы құралдары мен экспорттық операцияларды тәуекелдерін төмендету қолданылады. (сурет 1)



Сурет – 1. Қаржы құралдарының экспортты қолдаудағы құрамы (2021-2025 ж.ж.)

**[1] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

KazakhstanExport - ты экспортты қызметтік қолдау жүйесінде маңызды рөл атқарады. Ол сыртқы сауда операциялары барысында пайда болатын тәуекелдерді төмендету және экспорттық-несиелік агенттік экспорттық келісімшарттарды сақтандыруды іске асырады, қаржы құралдарын ұсынады. Мұнда олар сақтандыру арқылы экспорттаушылардың бірнеше саяси және сауда қателіктерінен қорғайды.

Шетелдік әріптестердің банкроттығы, сатып алушылардың мерзімін өткізіп алуы немесе толық төлемеуі секілді факторлар коммерциялық тәуекелдер деп айтамыз. Мүлікті тәркілеу сондай ақ әскери жанжалдар және де саяси тәуекелдерге импорт елінің сияқты факторлары болады [3]. Қаржылық шығындарды төмендетуге көмектесу экспорттық келісімшарттарды сақтандыру ықтималдайды.

Қаржы ұйымдары тәуекелдердің бір бөлігінің сақтандырылғанын ескере отырып, несие береді, өйткені сақтандыру полисінің болуы компанияларға банктерден қосымша қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз жаңа не болмаса тұрақсыз шетелдік нарықтарға шығатын компаниялар үшін маңызды.

Мемлекеттік кепілдіктер жүйелері - Экспортты қолдаудың маңызды бір элементі. Олармен жұмыс жасайтын экспорттаушыларды және банктерді күтпеген қаржылық шығындардан қорғауға бағытталған құралдардың бірі - мемлекеттік кепілдіктер болып табылады [9].

Олардың бірнеше түрлері бар, оның ішінде аванстық төлемдерді қайтару кепілдіктері, банктік және тендерлік кепілдіктер, экспорттық келісімшарттар орындалуын қамтамасыз ететін кепілдіктерді қолданады.

Кепілдіктер құралдарын пайдалану компанияларға өздерінің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасайды.

Соңында компаниялар халықаралық тендер мен ірі жобаларға ұлғайтуға ықпал алып, ол болашақта экспортты кеңейтуге мүмкіндік алады. Экспорт алдындағы және экспорттық қаржыландыру экспортты дамытуда ерекше маңызы бар.

Тауарларды сыртқы нарықтарға жеткізуге дайындау үшін бірқатар қаржылық тетіктер пайдаланып, өндіріс процестерінде ұйымдастырылды. Сондықтан осыларға несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен субсидиялар жатқызып, кәсіпорындардың айналым қаражаттарын қаржыландыру мен өндіріске немесе экспортқа жеңілдікті несиелер берілуі. Яғни бұлар экспорттық қызметтің экономикалық тартымдылығын арттырып, қаржы құралдарын бизнеске қаржылық жүктемені төмендетеді.

Отандық экономиканы әртараптандыру оң әсерін беріп, олар шикізаттық емес экспортты дамытты. Субсидияларды өтеудің ішінара тетіктері мен экспорттаушылардың қолдаудың жүйелері шығындары қоланылды.

Мемлекет бірқатар шығыстарды экспорттық қызметке байланысты болса өздеріне алады. Мысал келтірсек, халықаралық көрмелер мен сауда өкілдеріне қатысу, логистика мен маркетингке арналған шығындарда белгілі бір бөлігін субсидиялауы, өнімді халықаралық талаптарға сәйкес сертификаттауын алға болады. Бұл сату географиясын кеңейтуге және халықаралық стандарттарға сәйкес өнім сапасын жоғарылатуы, жаңа нарықтарға шығуы Қазақстандық компаниялардың қолдау шарасының арқасында болуы мүмкін (2- кесте)

2 – кесте

Қаржы құралдарының Қазақстандағы экспорттық қолдау негіздері

Қаржы құралдары	Мақсаты	Мекемелер	Олардың артықшылығы
Көрмеге қатысу шығындарын немесе сертификаттауды өтеу жолдары	Бренд жылжыту мен өнім бәсекеқабілеттілігін арттыру	KazakhstanExport QazTrade	Сертификат шығыны мен маркетинг шығындарын азайту
Пайыз мөлшерлемелеріне несиелік жеңілдіктер беру	Несие құның экспорттаушыларға азайту	ҚР сауда министрлігі	Несие қолжетімділігі

Келісімшарттық сақтандыру экспорты	Саяси немесе коммерциялық тәуекелдерді жою	KazakhstanExport	Санкциялардан, банкроттықтан немесе төлемсіздіктен сақтап қалу
Аз мөлшердегі несиелер	Өндірістегі қаражатты азайту мен айналым қаражатын көбейту	Коммерциялық банктер, Даму банкі	Қаржы жүктемесін экспорттаушыларға төмендету
Мемлекеттік кепілдіктер	Ірі жобалар мен тендерлерді қамсыздандыру	KazakhstanExport	Инвесторлар мен банк сенімдерін жоғарылату

**[3] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Қазақстан Республикасында экспорттаушыларды қолдаумен қоса, қаржы тетіктерімен бірге әртүрлі қаржылық қызметтерді де бар. Ол дегеніміз сыртқы сауда қызметін тиімді ұйымдастырумен және бұл шаралар кәсіпорындардың халықаралық нарықтардағы бәсеке қабілеттілігін арттырады.


Экспорттаушыларға ең алдымен консалтингтік кеңес көрсетіледі. Кедендік пен материалдық - техникалық мәселер бойынша кеңес беру, стандарттарды бейімдеу мен экспорттық құжаттарды өңдеу, өнімді импорттаушы мемлекеттердің техникалық талаптарымен қамтамасыз етілген. Сомен қатар, маркетингтік қолдау маңызды бағыт болып табылады.

Жалпы осы бағыттағы компанияларға ұлттық брендтерді халықаралық деңгейдегі ілгерілетуге, шетелдік нарықтардың жай күйін талдауға, әлеуетті тұтынушыларды анықтауға, маркетингтік стратегияларды әзірлеуге жағдай жасайды. Кадрлар даярлау бағдарламаларын жүзеге асыруда экспорттаушылардың кәсіби әлеуетін жақсарту мақсатында жүзеге асады. Бұларға вебинарлар, тренингтер, семинарларды айта аламыз. Электрондық нарықтарға қол жеткізу қазіргі кездердегі қызығушылық тудыратын салалардың бірі.

B2B форматындағы бизнес байланыстар, кеңестік дамыту бойынша және техникалық қолдау жасалынды. Сондай ақ электрондық коммерция жұмыс істеу, осыған байланысты компанияларға халықаралық онлайн платформалар тіркелді. Негізі бұл шаралар кәсіпорындарда нарықтарға шығу кезінде туындайтын тәуекелдерді азайтуға, ұлттық экономикадағы шикізаттық емес экспорт үлесін кеңейтуге немесе транзакциялық шығындарды төмендетуге ықпал жасайды.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпорындар экспорттаушылардың негізгі бөлігін алады. Арнайы қолдау бағдарламалары да осыған байланысты жасалынған. Бұл бағдарламалар кәсіпорындарға қаржылық немесе кедендік мәселелерде кеңестер, экспорттық операцияларға байланысты құқықтық және халықаралық тендерлер мен экспорттық мүмкіндіктер туралы ақпараттар, өнімдерді сертификаттау мен стандарттау рәсімдеріне көмектер көрсетіледі.

Осы көрсеткіштермен азық түлік, ауыл шаруашылығы, металлургия, химия өнеркәсібі, машинажасау секілді секторларды экспортты қолдау байқалады және қолдау шараларының секторлық құрылымы талданады. (сурет 2)



Сурет – 2. Экспорттаушыларға Қазақстандықтардың қолдау көрсетілуі

**[6] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Диаграммадағы 2021-2025 жылдар кезегінде экспортты қолдау бағытындағы қорлармен ШОБ үлесінің тұрақты өсуі байқалады. Қолдау ақшасы 210,5 млрд теңгеден 378,9 млрд теңгеге дейін көбейіп, мемлекет тарапынан экспортты дамытуға бөлінетін қаражаттың жыл сайын артып келе жатқанын растайды. ШОБ үлесі 45%-дан 55%-ға дейін ұлғайып, шағын және орта кәсіпорындардың экспорттық қолдаудағы маңыздылығының күшейгенін айғақтайды. Бұл процес экономиканы әртараптандыруға және кәсіпкерліктің сыртқы нарыққа белсенді шығуына септігін тигізеді. Диаграмма мемлекеттік қолдау мөлшерінің ұлғаюы мен ШОБ үлесінің артуы өзара байланысты екенін және экспорттық саясаттың нәтижелілігін паш етеді.

Кесте – 3

Қазақстанда 2021-2025 жылдардағы Экспорттаушыларды қолдауы

Жылдары	2021	2022	2023	2024	2025
Қолдаудағы қаражат (млрд.теңге)	210,5	256,3	298,7	337,4	378,9
Команиялардың саны	320	380	410	450	490
ШОБ үлгісі (%)	45	48	50	52	55
Негізгі салалар	Ауыл шаруашылығы мен металлургия	Машина өнеркәсібі, тамақ жасау	Ауыл шаруашылығы, химия, металл	Тамақ өнеркәсіті, химия. Машина жасау	Агроөнеркәсіп, машина жасау, химия, IT және өңдеу өнеркәсібі

**[6] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

3-кестеден көріп отырғандай Қазақстандық экспорттаушыларға 2021-2025 жылдар аралығындағы мәліметтерінен мемлекеттік қолдауды байқаймыз. Бұл кезеңдерде қаржылық қолдаудың жалпы көлемі едәуір ұлғайған. Мұнда 2021 жылы 210,5 млрд теңгені көрсетсе, ол 2024 жылдары 337,4 млрд теңгеге жеткен. Ал 2025 жылы болжам бойынша бұл көрсеткіш 378,9 млрд теңгені құрайды. Осылайша, 2021-2025 жылдар аралығындағы жалпы өсім 168,4 млрд теңгені құрап отыр (378,9 - 210,5). Бұл шамамен 80%-дық өсімді білдіреді.

Мемлекеттің қолдауындағы компаниялар саны өсіп мұнда: 2021 жылы мұндай кәсіпорындар 320 көрсетсе, 2025 жылға қарай 490 ге жеткендігін көруге болады[6].

Кесте – 3

SWOT талдаудағы экспортты қолдау механизмі

Талдаудағы әлсіз жақтар	Талдаудағы күшті жақтар
<p>1) Жеткіліксіз әртараптандудағы экспорт географиясы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жаңа аймақтардағы шектеулі экспансия және дәстүрлі нарықтардың басым болуы (Қытай, ТМД, Ресей) <p>2) Салалардың әртүрлі қолдауы бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мұнда инновация мен жоғары технологиялық салаларға қолдау азырақ дамыған шикізат секторы мен металлургияға көңіл қойылды <p>3) Қаржылық ресурстардағы шектеулер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ірі экспорттық және ірі сақтандыру жобаларын қаржылардың жеткіліксіздігі <p>4) Әкімшіліктен кедергілердің болуы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өтінімдердің ұзақ қаралуы, судсидия мен несиелерді алудың күрделі жолдаы 	<p>1)Прогресивті саясаттар ШОБ тағы</p> <ul style="list-style-type: none"> Шағын және орта кәсіпорындардың үлсесінің артуы (2021 жылғы 45% - дан 2024 жылы 52%-ға жетті) <p>2) Дамыған институционалдык негіздері</p> <ul style="list-style-type: none"> KazakhstanExport, QazTrade, және QazIndustry, «Даму» маманданырылған ұйымдардың қорының болуы <p>3)Қаржы құралдарының кең ауқымы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік кепілдіктер беру - Жеңілдетілген несиелеу (кредиттеу) - Субсидиялар ұсыну - Экспорттық келісімшарттарды қолдану және қорғау тетіктері - Экспорттық операцияларды сақтандыру механизмдері - Жаңа және тұрақсыз нарықтарда жұмыс істеу кезінде қаржылық тәуекелдерді төмендету мүмкіндіктері

Талдаудағы қатерлер	Талдаудағы мүмкіндіктер
<p>1.Геосаяси қауәтер - Шектеулер мен тұрақсыздық экспортқа ықпал етуі, сыртқы нарықтардағы қақтығыстардың болуы</p> <p>2. Өзге мемлекеттермен бәсеке - Өнім сапасы үнемі жетілдіруді талап етеді және әлемдік нарықтардағы жарыстың күшеюі пайданы азайтады</p> <p>3.Халықаралық сауда ережелеріндегі өзгерістер -Жаңа нормалар, кедендік және тарифтік емес тосқауылдар Қазақстандық тауарлардың шет елдерге шығуын күрделендіре алады.</p> <p>4.Шетелдік экспортқа тәуелділік - Әлемдік шикізат бағасының құлдырауы шикізаттық емес секторлардың қолдаудың қаржылық негізін шектеуі ықтимал.</p>	<p>1.Ресурстық емес экспортты кеңейту - Машина жасау, тамақ өнеркәсібі және химияны қолдау</p> <p>2.Шетелдік инвестицияларды тарту - Шетелдік фирмалармен бірлескен жобаларға қатысу технологиялық дамуды және экспорттық әлеуетті арттыру</p> <p>3.Цифрлық платформалар мен электрондық коммерцияны дамыту - Қазақстандық тауарларды онлайн платформалар арқылы жылжыту жаңа халықаралық нарықтарды ашады.</p> <p>4.Өңірлік экспортты нығайту - ШОБ пен өңірлік кәсіпорындар қолдауының артуы бүкіл Қазақстан бойынша экспорттық белсенділіктің тұрақты өсуіне ықпалын туғызады.</p>

**[5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Біз сонымен қатар талдаудан шағын және орта бизнесте қолдау алатын кәсіпорындардың үлесінің өсу деңгейін көреміз. Мұнда 2021 жылы олардың үлесі 45% болса, 2024 жылдары 52% жеткендігін көруге болады. Бұл дегеніміз елемізде ірі бизнесті ғана емес, шағын және орта бизнестің даму үстінде екендігін көрсетеді. Шағын және орта бизнестің экспорттық қызметтерге қатысуы экспорт секторының тұрақтылығы мен экономиканың әртараптануына алып келеді.

Ал Қазақстан Республикасының экспортын мемлекеттік қолдау жүйесінің жетілдіру жолдарында бірнеше бағыттарды көрсетуге болады.

Біріншіден, «KazakhstanExport» сияқты құрылымдардың капиталын кеңейту ол экспортты қолдау ұйымдарының қызметтерін ұлғайтады. Несиені қолдау көлемінің ұлғаюына әсерін тигізіп, қаржы ресурстарының ұлғаюы экспорттық келесім шарттарды сақтандырумен қамтамасыз етеді. Осылардың негізінде Қазақстандық компаниялар жаңа нарықтарға шығып, халықаралық тендерлерге белсене қатыса алады.

Екіншіден, экспортталатын кәсіпорындар үшін қаржыландыру қолжетімділігі маңызды. Бұл үшін тиімді құрал компаниялардың шығындарын ішінара субсидиялау және экспорттық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің төмендету болуы мүмкін. Орта кәсіпорындар үшін арнайы кредиттік бағдарламаларды енгізу олардың қаржылық тұрақтылығын және әлемдік нарықтарға бәсеке қабілеттілігін жоғарылатады.

Үшіншіден, жиынтық қызметтерді дамыту экспорттаушыларға маңыздырақ. Мұндай қызметтер брендтік әлемдік деңгейлерде алға жылжыту бойынша кеңес беруді кіріктіреді, логистикадағы жағдайларды жабдықтау, сыртқы базаларды зерттеуді, өнімдерді әлемдік стандарттарға сай сертификаттайды. Семинарлар мен вебинарлар өткізу олардың кәсіби біліктілігіне үлес қосып, басқа да экспорттаушы мемлекеттердің персоналдары үшін оқу бағдарламалары жасалынады. Сонымен қатар үкіметтік мекемелерде және экспорттаушыларда тәжірибесінде арнайы орындар жасау пайда болады.

Төртіншіден, Перспективалы секторларға ерекше назар аударатын жайт ол экспорттық құрылымды әртараптандыру мақсатында. Оларға Жабдықтар мен химиялық өнімдер өндірісі сияқты салалар, ақпараттық технологиялар, машина жасауды жатқызамыз. Сондай-ақ өңірлік кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту маңызды бағыттарды ретте инновациялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ынталандыруы екендігін айтқым келеді.

Бесіншіден, Сандық «Бірыңғай терезе» қағидаты бойынша алаңдарды енгізу экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау құралдарын пайдалану үдерісін жеңілдіруінде керек. Бұндай жүйе шараларына тез қол жеткізуге кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес мүмкіндік қолдау береді. Субсидиялар, жәрдемдермен сақтандыру кепілдіктерін алуға өтінімдерді қарау мерзімдерін және бюрократиялық рәсімдерді қысқарту маңызды.

Алтыншыдан, Мемлекет саясатында дәстүрлі нарықтардан басқа, жаңа әлемдік бағыттарды да игеру керек. Қазақстандық компаниялардың әлемдік нарықтағы позициясын нығайту және экспорт географиясын кеңейту жәрдем етеді. Шикізат экспортына тәуелділікті бөлек, шикізаттық емес секторларды белсенді қолдау есебінен біртіндеп азайтуға болады [14].

Қорытынды. Экспортты мемлекетті қолдау Қазақстан Республикасының экономикалық бағытының ағымдағы әлемделену және жаһандық саудадағы бәсекелестіктің жоғарылауы жағдайында маңызды құралдарының біріне айналды.

Зерттеулер көрсететіндей, қолданыстағы құрылымдармен жүйелер -«KazakhExport», «QazTrade», «QazIndustry», «Даму» қоры және Сауда министрлігі - қолдаудың қаржылық және қаржылық емес шараларының кең ауқымын ұсынады. Оларға маркетингтік көмек, кредиттік қаржыландыру, жәрдемақылар, кеңестік қызметтер, экспорттық шарттарды сақтандыру жатады [8]. Алайда, зерттеу бірқатар шектеулерді айқындады. Оларға қаржы ресурстарының тапшылығы, әкімшілік бөгеттер, шектеулі саладағы әртараптандыру және шикізатқа тәуелділік кіреді.

Осы мәселелерді жою үшін мынадай іс-шаралар ұсынылады: әкімшілік процедураларды жеңілдету және экспорттық саясатты әртараптандыру, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді азайту, ақпарат пен кеңес беруді күшейту, шағын және орта кәсіпорындарды қолдау тетіктерін жетілдіру, агенттіктердің капиталдандырылуын көбейту. Ұсынылған шаралар, Қазақстан Республикасының әлемдік экономика аренасының тұрақты және белсенді қатысушысы ретіндегі ұстанымын, қазақстандық тауар-қызмет нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, шикізат емес экспортты жандандыруға кеңейтуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Қазақстан Республикасындағы экспорттық қызметті қолдау және дамыту туралы». – Астана. – 2017. – 25 б.
2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі. Экспорттық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат: аналитикалық шолу. – Астана. – 2023. – Б. 12–28.
3. АО «KazakhExport». Годовой отчет за 2023 год. – Астана. – 2024. – С. 18–47.
4. АО «QazTrade». Механизмы продвижения экспорта и поддержка экспортеров. – Астана. – 2022. – С. 30–55.
5. АО «QazIndustry». Развитие несырьевого экспорта Республики Казахстан: аналитический доклад. – Астана. – 2023. – С. 22–40.
6. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры. Экспорттық қызметте шағын және орта бизнесті қолдау. – Астана. – 2024. – Б. 15–38.
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы 2015-2024 жылдар: статистикалық дайджест. – Астана. – 2024. – Б. 64–89.
8. World Bank. Kazakhstan Economic Update: Trade and Export Diversification. - Washington, DC. – 2023. – P. 41–62.
9. OECD. Export Credit Agencies and Export Promotion Policies. - Paris: OECD Publishing. – 2021. – P. 55–78.
10. World Trade Organization (WTO). World Trade Statistical Review 2023: Global Trade Trends and Developments. - Geneva: WTO Publications. – 2023. – P. 33–58.
11. International Monetary Fund (IMF). World Economic Outlook: Trade and Globalization Trends. - Washington, DC. – 2024. – P. 102–130.
12. Krugman P., Obstfeld M., Melitz M. International Economics: Theory and Policy. - 10th ed. - Pearson Education. – 2018. – P. 215–240.
13. Әлімбаев А.А., Сатымбеков Н.Қ. Қазақстан Республикасындағы экспортты мемлекеттік қолдау // Экономика және статистика. – 2021. – №4. – Б. 45–56.
14. Нұрғалиева, Г.С. Қазақстанның экспорттық саясаты және экономикасын әртараптандыру // ҚазҰУ хабаршысы. – 2022. – №2. – Б. 78–89.

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy «Qazaqstan Respublikasyndağy eksporttyq qyzmetti qoldau jäne damytu turaly» [The law of the Republic of Kazakhstan "on support and development of export activities in the Republic of Kazakhstan"]. – Astana. – 2017. – 25 p.
2. Qazaqstan Respublikasynyñ Sauda jäne integrasiya ministrlyğı. Eksporttyq qyzmet salasynağy memlekettik saiasat: analitikalıq şolu [Ministry of trade and integration of the Republic of Kazakhstan state policy in the field of export activities: analytical review]. – Astana. – 2023. – P. 12–28.

3. АО «KazakhExport». Godovoi ochöt za 2023 god [JSC "export and credit agency KazakhExport" will announce the Year for 2023]. – Astana. – 2024. – P. 18–47.
4. АО «QazTrade». Mehanizmy prodvijenija eksporta i podderjka eksporterov [JSC "QazTrade" is a mechanism for promoting exports and supporting exporters]. – Astana. – 2022. – P. 30–55.
5. АО «QazIndustry». Razvitie nesyrevoogo eksporta Respubliki Kazahstan: analiticheski doklad JSC "QazIndustry" development of non-profit exports of the Republic of Kazakhstan: analytical dock. – Astana. – 2023. – P. 22–40.
6. «Damu» käsipkerlikti damytu qory. Eksporttyq qyzmette shağyn және орта бизнесті қолдау [Entrepreneurship Development Fund "Damu". Support for small and medium-sized businesses in export activities]. Astana. – 2024. – P. 15–38.
7. Qazaqstan Respublikasynyñ Ültyq statistika bürosy. Qazaqstan Respublikasynyñ syrtqy saudasy 2015-2024 jyldar: statistikalyq daijest [Bureau of national statistics of the Republic of Kazakhstan. Foreign trade of the Republic of Kazakhstan for 2015-2024: statistical digest]. Astana. – 2024. – P. 64–89.
8. World Bank. Kazakhstan Economic Update: Trade and Export Diversification. - Washington, DC. – 2023. – P. 41–62.
9. OECD. Export Credit Agencies and Export Promotion Policies. - Paris: OECD Publishing. – 2021. – P. 55–78.
10. World Trade Organization (WTO). World Trade Statistical Review 2023: Global Trade Trends and Developments. - Geneva: WTO Publications. – 2023. – P. 33–58.
11. International Monetary Fund (IMF). World Economic Outlook: Trade and Globalization Trends. - Washington, DC. – 2024. – P. 102–130.
12. Krugman P., Obstfeld M., Melitz M. International Economics: Theory and Policy. - 10th ed. - Pearson Education. – 2018. – P. 215–240.
13. Alimbayev A., Satymbekov N. Qazaqstan Respublikasyndaғы eksportty memleketтік qoldau // Ekonomika және statistika [State support for exports in the Republic of Kazakhstan]. – 2021. – №4. – P. 45–56.
14. Nurgalieva G. Qazaqstannyñ eksporttyq saiasaty және ekonomikasyn ärtaraptandyru [Export policy and economic diversification of Kazakhstan] // Bulletin of KazNU. – 2022. – №2. – P. 78–89.

Түлегенова К.Т., Бержанова А.М., Тансыкбаева Г.О., Байгиреева Ж.З.

МЕХАНИЗМЫ ПОДДЕРЖКИ ЭКСПОРТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Механизмы стимулирования экспорта в Республике Казахстан за последние годы последовательно совершенствуются и становятся одним из важнейших инструментов обеспечения устойчивого экономического развития. В целом статья подробно обсуждена в части механизмов государственной поддержки экспорта, а также в финансовой, организационной, информационной и образовательной сферах. При экспорте государством широко применяются механизмы гарантирования, страхования в оказании финансовой помощи и доэкспортного финансирования. В этой сфере Экспортно-кредитное агентство «Kazakhexport» вносит свой вклад в одновременное формирование финансовых условий отечественных предприятий и их предприятий в снижении рисков на внешнем рынке. Центр продвижения экспорта АЦП в рамках поддержки организации выхода на внешние рынки, а также услуг по проведению исследований рынка в организации деловых операций. Основная цель-повышение экспортного потенциала за счет развития промышленности и производительности обрабатывающей промышленности. Фонд развития предприятий на несырьевой экспорт создает условия для благоустройства при поддержке малых и средних предприятий. Исходя из данных, к возможностям казахстанского экспорта можно отнести государственную поддержку и обилие природных ресурсов, к его слабым сторонам можно отнести логистические ограничения, зависимость от структуры экспорта сырья. Развитие цифровых платформ в будущем повысит конкурентоспособность страны на мировом рынке и расширит образовательные программы для экспортеров, географическую диверсификацию экспорта.

Tulegenova K., Berzhanova A., Tansykbayeva G., Baigireyeva Zh.

EXPORT SUPPORT MECHANISMS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Annotation

Export promotion mechanisms in the Republic of Kazakhstan have been consistently improved in recent years and are becoming one of the most important tools for ensuring sustainable economic development. In general, the article discusses in detail the mechanisms of state support for exports, as well as in the financial, organizational, information and educational spheres. When exporting by the state, mechanisms of guarantee, insurance in providing financial assistance and pre-export financing are widely used. In this area, the export and credit agency "Kazhexport" contributes to the formation of domestic enterprises and their financial position at the same level in reducing risk in the foreign market. The ADC Export Promotion Center supports the organization of access to foreign markets, as well as market research services in the organization of business operations. The main goal is to increase the export potential through the development of industry and the productivity of the manufacturing industry. The Fund for the development of enterprises for non-primary exports creates conditions for improvement through the support of small and medium-sized enterprises. Based on the data, the possibilities of Kazakhstan's exports include the abundance of state support and Natural Resources, and its weaknesses include logistics restrictions, dependence on the structure of exports of raw materials. The development of digital platforms in the future will increase the country's competitiveness in the world market and geographical diversification of exports, expanding educational programs for exporters.

